

Руханияттың мәнін насихаттау

Гүлжан Қажымұратқызы ТҮЛЕКОВА

«Тұран» университеті
50013, Қазақстан, Алматы қаласы
E-mail: gulzhan-saken@mail.ru

National culture meaning in spirituality development

Gulzhan Q. TULEKOVA

Turan University
16a Satpayev St., Almaty 050013, Republic of Kazakhstan
E-mail: gulzhan-saken@mail.ru

Значение национальной культуры в развитии духовности

Гүлжан Хажмуратовна ТҮЛЕКОВА

Университет «Тұран»
050013, Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Сатпаева, 16а
E-mail: gulzhan-saken@mail.ru

Түйіндеме. Мақалада заманауи ақпараттық қоғам даму кырларының бәсекеге қабілетті мәдени орта мен болашақ журналистердің қалыптасу жолдарына негіз болатын шығармашылық мұраларды насихаттау қарастырылады. Тарихты жаңғырта отырып, сана кодының ашықтығын прагматик жастардың бойынан табылатын асыл қасиеттердің бой көтеруі, қайта өсуге негіздейді. Ұлттың руханияттың жете байлығына салтанат құру ыстық жүректерінің кәсіби бағдарын нығайта түспек. Мақалада әлемді таң қалдырған ұлы тұлғалардың зерттеулері мен ұлттық кодтың нышаны болған тарихи мұралар мен халық ақын-жазушыларының шығармаларында қозғалатын тарихи оқиғалардың нақты мәліметтерімен дерек көздерінің айқындығы талданады. Тілдік қатысым дереті фактілермен анықталады. Ұлттық концептілердің когнитивтік лингвистикада, этнолингвистикалық, психолінгвистикалық сарында бет алуынан ұлттық кодтың әлеуметтік насихатталуынан шығатын бірнеше танымдық фреймдердің танылуы арқылы тарихи-әдеби бағыттағы ақын шығармаларының жаңа жаңғыруына жол ашылып отыр. Түрлі шығармалары арқылы тұлғаны танудың аспектілерін шығарма желісінің құрылымын талдау мен оны зерттеу арқылы тарихи оқиғалардың авторлық бейнесінің баяндауы арқылы танылатын. Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, М. Шаханов, С. Елубав, Ш. Мұртазаның, Б. Беделханның, Қ. Сарсенбайдың зерттеулері мен тандамалылары ұлттық нышанды береді. Ұлттық рухтың ақиқатын өзіндік жаңа жыраулардың жаңа форматта берілген Назира үлгісінде ұсынылатын ақиқатты терең мазмұнда ашылатын тарихи оқиғалардың құрылымын есім тіркестері мен фразеологиялық оралымдар ұлттық аспектінің көрінісі ғана емес, этолингвистикалық танымының табиғатын ұлттық аспаптардың атауымен берілетін бөлімдерді талдау арқылы көрініс беретіндігі айқындалды.

Тірек сөздер: ұлттық таным; бейвербалды қатынас; отандық мәдениет; ұлттық рух; саяси пікір; аспкеті; мәдени кластер

Abstract. The creative heritage popularization is the basis for the development of the modern information society, the formation of a competitive cultural environment and future journalists. With history modernization consciousness sets the code's brightness to the pragmatic young generation, the revival of its noble qualities. The triumph of the spiritual wealth of the nation will strengthen the profession of a warm heart. We analyze the clarity of data sources with specific facts on historical events occurred in the works of historical heritage and national poets and writers, who are na-

tional symbols, great people who struck the world. The facts of language activity are determined by the historical facts. The recognition of a number of cognitive frameworks from national propaganda of the national code through national concepts in cognitive linguistics, ethnolinguistic, and psycholinguistic sophistication opens the way for a new revival of the poets' and writers' works. We recognize personality aspects through analysis of various works on history events. The works of Abai Kunanbayev, Shakarim Kudaiberdiev, M. Shakhanov, S. Elubayev, S. Murtaza, B. Bedelkhan, K. Sarsenbai are the national symbol. The essence of the national spirit is that it reflects the character of historical events that are deeply revealed in the Nazir model presented in a new format, and reflects the character of ethnological knowledge not only through the national aspect of word combinations and phraseology, but also by analyzing the sections of national instruments. Supervision of Republic prepared the plan of future popularization of historical and cultural heritage of Kazakhstan as in the country and abroad.

Keywords: national cognition; unconscious communication; national culture; national spirit; political opinion; aspiration; cultural cluster

For citation: Tylekova G.Q. Ry'hani'yattyn' ma'nin nasi'hattay' [National culture meaning in spirituality development]. *Neofilologiya – Neophilology*, 2019, vol. 5, no. 19, pp. 388-397. DOI 10.20310/2587-6953-2019-5-19-388-397 (In Kazakh, Abstr. in Engl.)

Аннотация. Посвящено популяризации творческого наследия – основы развития современного информационного общества, формирования конкурентной культурной среды и будущих журналистов. Модернизируя историю, сознание задает яркость кода прагматичному молодому поколению, возрождению его благородных качеств. Торжество духовного богатства нации укрепит профессию горячего сердца. Анализируется ясность источников данных с конкретными фактами об исторических событиях, произошедших в произведениях исторического наследия и национальных поэтов-писателей, которые являются символами нации, великими людьми, поразившими мир. Факты языковой активности определяются историческими фактами. Признание ряда когнитивных рамок от национальной пропаганды и национального кода через национальные концепции в когнитивной лингвистике, этнолингвистической, психолингвистической изоэтичности открывает путь для нового возрождения произведений поэтов-писателей. Аспекты личности распознаются через анализ рассказов авторов об исторических событиях путем их изучения. Творчество Абая Кунанбаева, Шакарима Кудайбердиева, М. Шаханова, С. Елубава, Ш. Муртазы, Б. Бедельхана, К. Сарсенбая – национальное достояние. Суть национального духа заключается в том, что он отражает характер исторических событий, которые глубоко раскрыты в модели Назира, представленной в новом формате, и отражает характер этнологических знаний не только с помощью национального аспекта словосочетаний и фразеологии, но и путем анализа разделов национальных инструментов. Руководством Республики разработаны меры по дальнейшему продвижению и популяризации историко-культурного наследия Казахстана как в стране, так и за рубежом.

Ключевые слова: национальное познание; бессознательное общение; национальная культура; национальный дух; политические убеждения; стремление; культурный кластер

Для цитирования: Тулекова Г.Қ. Руханияттың мәнін насихаттау // Неофилология. 2019. Т. 5, № 19. С. 388-397. DOI 10.20310/2587-6953-2019-5-19-388-397

Рухани жаңғыру бағыты бойынша кешенді іс-шаралар жүргізіліп келе жатқаны бүгінгі күннің жетістігіне айналған. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс. Білім алудың жалпыға ортақ болуы қажетті екендігін және оның ертеңгі тарих болып қала беретіндігін, сол үшін өте жылдам дамуы бар дәуірдің есігін ашу

керектігінге мән берген дұрыс. Осындай жағдайда өз кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетіп отырады¹,

¹ «Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 22 қыркүйектегі № 998 қаулысы.

Постановление Правительства Республики Казахстан от 22.09.2014 № 998 «О проекте Указа

жайында Н. Назарбаевтың бүгінгі журналистер үшін бірнеше кәсіпті ұршықтай иріп алуға қабілетті болуы, өз кәсібінің болашағы кең екендігін көрсетеді. Сөйте отырып, білімнің салтанат құруына, табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керектігін баса айтады. Алдымызаға қойған мақсаттардың өзегі болып отырған, бәсекеге қабілетті болашақ журналистердің шығармашылыққа негізделуі ұлттық құндылықтардың насихатталуы мен танымнан бастау алады. К. Мәсімовтың пікірінде көрсетілгендей, отандық мәдениетті әлемдік мәдени кеңістікке ықпалдастыру жолдарымен танысуды ұсынады. Рас, бұл Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын елімізде де және шет елдерде кеңінен алға қою жолдарын қарастыру шараларын тануды біліуге шақырады². Бұдан меншікті ұлттық брендтерді қалыптастыруын практикалық құндылықтар жолында ізденістер жүргізуге, бәсекеге қабілетті мәдени ортаны және заманауи мәдени кластерлердің тез дамуына жол ашады. Осы тұрғыда, жасалған мемлекеттік жағдаяттармен тарихи-мәдени мұраны одан әрі сақтау және танымал ету мақсаттарында жүзеге асырылатын өнердің барлық түрлерімен танысуға болашақ журналистерді негіздеу болып табылады. Өнімдерді антропоцентристік бағытында танылатын білім нәтижелерінде, танымдық шығармашылық іс-әрекет, іскерлікті қалыптастыру болары сөзсіз. Осы тұрғыдан келсек, таңдау компонентіне енгізіліп отырған, «Насихаттау ретінде шығармашылық өнер өнімдері» атты пәннің бүгінгі тыңдаушының, ертеңгі журналистің қоғам үшін де, өз ортасы үшін де, өз Отаны үшін де жасар ісі мен атқарар қызметіне ұшан-теңіз пайдасы зор. Сонымен қатар шығармашылықтың жаңа қырларымен танысуға, кәсіби бағдармен қамтамсыз етілуге, бұқаралық ақпарат құралдарының саяси позициясын жігілдіруге арналған ұстанымдарды, оның механизмдері ретінде медиа-технологиялық

әдістерді (медиа-тестілу, медиамониторинг, промо-акциялар, БАҚ тарату қызметін ашуға бағытталған ақпараттық науқандар т. б.) қоғамдағы демократиялық ұстанымдар мен қағидаттардың сақталуына мән беріп отырады. Баспасөз бостандығының арқасында Тәуелсіздіктің 25 жылында еліміздің бұқаралық ақпарат құралдары сандық тұрғыдан да, сапалық тұрғыдан бірнеше есе өсті. Ақпараттық кеңістік кең ауқымды сандық тұрғыда өріс алған заманда, студенттердің қызығушылықтарымен қатар дайын ақпараттарды дұрыс қабылдап, орынды жүзеге асыру, тиімді шығармашылықтың қайнары болып отыр. Бұл пәннің ерекшелігі әдебиет, дін, өнер, тарих, кино, сурет өнері мен Кеңестік дәуірден бері айтылмай келеген тарихи дерек көздерінің біте қайнасқан өзегі болып отыр. Бүгін де халық назары еріксіз зер сала қарайтын, мына мысал соның бірі «Тайна гробницы Тимура Проклятие Тамерлана» – 134 231 көрермені бар, өзіндік пікір қалдыруға болады. Жоғары да атап өткеніміздей, насихаттаудың нақтылығын бүгін де шығармалар желісінен ақпараттық «ашық жариялымдардың» демократиялық үрдістердің қолжетімділігі үндесуімен сәкес келуінде. М. Шаханов «Жаңғырық немесе Ақсақ Темір қалай басталды», «Әмір-Темірдің соңғы өсиеті» атты шығармаларындағы рухани мазмұнды ақпарат белгілі уақытқа ғана тәуелді емес, адам баласымен бірге жасайтын өмірлік, түрлі көзқарастар мен өміршең мәселелер болып қала береді. Тарихи деректерді ақын шығармасындағы дерек көздерді қайдан алды деген сұрақтар кеңінен қарастырылады. Жер-жаһанды жаулаған ханның көзінің ұшына ілінген ауыр аяқты аруды жолымды кестің деп жазалап, өлімші етіп тастап кеткен, ана қарғысының зары студент жүрегін тербетпей қоймайды. Ақынның Ақсақ Темірдің бір аяғының ақсақ болуы осы жерде көрсетілген деректердің журналистік ізденістің керек екендігін қажет етеді. Студент бойына М. Шаханов шығармасымен таныс бола отырып, оның мазмұнымен шектеліп қоймай, тың деректермен ізденісін арттырып отыру, шынайы техникалық мүмкіндіктерді меңгеру дағдыларын қалыптастыра білуі сандық жуналистер үшін маңызды. М. Шаханов

Президента Республики Казахстан «О Концепции культурной политики Республики Казахстан». URL: <https://zakon.uchet.kz/rus/docs/P1400000998> (дата обращения: 04.01.2019).

² URL: www.kazakhstanzaman.kz/.../shilikti-alty-n-adamy-sa-tardy-1 (дата обращения: 04.01.2019).

жырына арқау болған Әмір-Темір Сталин үшін аса құнды, әрі рухтың мазасын алмауын, тайға таңба етіп жазылған тас бетіндегі айшықты сөздердің шынайылығы деректі фильмде айтылады. Әмір Темірдің рухы Мәскеуге бағытталған мезеттегі, Ұлы Отан соғысының басталуы сияқты деректердің болуы ақиқатын көрсетеді. Бұл деректі фильмді көре отырып, өткен тарихтың қателігі мен салт-дәстүрдің құрметтелмеуі, өз халқының мәдени мұрасының төңкерілгендігін білген тыңдаушы назары түрлі құнды пікір жасаушылармен толығады. «Тастан өрілген мың баспалдақ...» атты мақаланың³ Ақсас Темірдің Қожа Ахмет Яссауий мазарын тұрғызудағы, Қазандықтардың бүгінгі көрнісін тамашалаудағы мың баспалақтың екі кірпішінің қалапбай қалуындағы, Хасан шебердің Ақсас Темірдің 4-тоқалы Таңшолпанның сұлулығын жайлы сырларын тарихи факторлармен айқындау, насихаттау арқылы жүзеге асырылып отыр. Бұл тарихи құндылықтардан студенттің археологиядан, тарихтан, қызықты тарихи деректемелерді артефакторлар арқылы танып негіздеуге жол ашып отыр. Демек, болашақ кәсіби журналистің рухани жаңғыру бағытында дамитын алғы шарттардың қалыптасуы болып табылады.

Адами капитал – жаңғыру негізінде. Бұл – БАҚ-тың дерек көзі. Білім берудің жана сапасын барлық жастағы азаматтарды қамтитын жолы болып келуі, білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажеттілігі бүгінгі күн талабы.

Ашаршылық жылдарындағы ел зұламатының тарихы, 4 миллион қазақтың ашарлыққа ұшырауы, ел нәубатын бүгінгі ұрпаққа жасырмай, шындықты білетін уақыты жетіп отырған шағын растаушы пікірлер айғағы айқындалды. Жазушы, «Мәңгілік Ел қайраткері» Смағұл Елубаевтың «Ақ боз үй», «Мінәжәт» романдары сталиндік қуғын-сүргіннің ақпаратты осының айғағы. Өзіндік осы алаңда ойалмасулармен толығып, пікірлер сайысы қалыптасады. Бұл шығармалардың әлемдік деңгейде таралуы, тарихи құндылықтар болып саналуы ұлт мүддесіне қызмет етеді.

С. Елубай адамның жандүниесіндегі құбылыстар мен арпалыстарды, табиғат көріністерін бояуын шынайы суреттейді. «Ақ боз» роман-трилогиясы XX ғасырдың бірінші жартысында бастан кешкен халық трагедиясының энциклопедиясы деп мамандар жоғары баға берген [1].

Ұлттың ұлт болып қалыптасу өз тарихын құрметтеуден бастау алады. Аспан ашық мұражайлар туралы Зайсанның Шілікті ауылынан 65 шақырым жерде орналасқан Бәйгітөбенің қорымынан табылған Алтын адамның 2009 жылы табылу археологиялық жұмыстарды жүргізілуін де жеткізетін осы – журналистер қоғамы. Зерттеу жұмыстарын т. ғ. д., профессор Әбдеш Тәшкенұлы Төлеубаевтың басшылығымен іске асқандығын арқылы нақты деректерді тыңдап, көзбен көреді. Тарихшы өмірінің құндылықтары зерттеуі өз өмірінің бар ғұмырының асқан мәні болып табылды. Талмайтын қажырлығы, қиыншылықтармен келуі талай жастың ынталы жүрегін оятты.

Әйтсе де, қоғамда белең алған ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргендіктің орнын көлеңкелік басып жатқаны белең алғандығын жасыра алмаймыз. Өз кезінде Абай қағат, рахым ойлап қой, бес асыл іс білсеңіз ойын атқан. Ақынның «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі мен Отыз сегізінші қарасөзіндегі аса үлкен мән бере айтатын жан мен тән, адамның ішкі, сыртқы сезім мүшелері, қанағат, еріншектік, надандық және жуан мәрттілік туралы тұжырымдары Дауанидың ойларымен сабақтас, үндес келеді. Абайдың:

Шын сөз қайсы біле алмай,
Әр нәрседен құр қалма.
Мұны жазған білген құл,
Ғұламаһи Дауани,
Солай депті ол шыншыл,
Сезін оқы және ойла..., –

деп, Дауани есіміне ерекше тоқталуында үлкен ой, терең сыр жатыр. Дауанидың пайымдауынша, баланы тәрбиелеуді ерте қолға алып, олардың дақ түспеген санасына ізгілікті нәрселерді еге білу қажет. Өйткені, олардың санасы, жас кезінде ете тұтқыр да алғыр келеді. Абай да осы пікір тұрғысында: «Тез үйреніп, тез жойма, Жас уақытта көңіл –

³ Егемен Қазақстан. № 6. 2018 қаңтар.
Казахстанская Правда. 2018. № 6. Январь.

гүл...», деп, бала санасының жылдам қабылдағыш қасиетін жас уақытта босқа жібермеу қажеттігін ескертеді. Адамның балалық шағында дүние тануға құштарлығы мен жан құмарының ерекше артатындығына акын Жетінші сөзінде де тоқталып өтеді. Дауани баланың жақсы, жаман мінезге ие болуы, оның қандай адаммен қарым-қатынас жасауына, кімнен тәрбие алуына байланысты екенін айта келіп, оларды теріс ықпал жасайтын жандардан аулақ ұстауға кеңес береді. Бұл пікір Дауанида жалпы айтылса, Абай елеңінде қазақ болмысына сай одан әрі тереңдетіле, жетілдіре түскен. Ол өзі өмір сүріп отырған әлеуметтік ортада орын алған «бес дұшпаннан» бес түрлі зиянды мінез-құлықтан әрбір адам боламын деген жас өспірімнің сақтануы керектігін ашық айтады [2-150].

Студенттер қауымы үшін қазіргі жаңалықтар әлеуметтік медиа кеңістігінде өздерінің кәсіби рөлдерінің өзгергендігін біледі, яғни ақпарат жинаушылар мен таратушылар ретінде әлеуметтік диалогтың құндылығын арттырудың әдістерін таба білуіді көзейді. Біздер, сабақ барысында меңгерілген деректердің жалғасын Алматы қаласындағы Мемлекеттік Орталық мұражайда «Алтын қор» атты бөлімнен осы Шіліктіден табылған жәдігерлерді сахат дәрістерімен ұштастырудан ақпараттардың тиімді таралуы мен шығармашылыққа бағытталуға мүмкіндіктер жасайтындығын түсінеміз. Сонымен қатар, бұл Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының саяси позициясын жетілдіруге арналған ұстанымдар мен бағытталған ақпараттық-сараптамалық өкілдік қызметін үйлестіруге, қолдана білуге жол ашады.

Қазіргі тіл ғылымында тілдің «қарым-қатынастың аса маңызды құралы болу» қызметімен қатар дүниетаным құралы болу қызметіне ерекше назар аударылады, өйткені адамзаттың ойлауымен байланысты саналы әрекетінің нәтижесінде жинақталған дүние – әлем туралы білім қоры әр ұлттың өзіне тән мінез-құлық, жан-дүниесі, психологиясынан хабар береді.

Журналистің жеке брендін қалыптастыру шынайы білім мен насихатқа байланысты, сонымен маркетинг саласының біте қайнауы жаңа бағыттың негізі болды. Бұл

тарих, сауда, дәуір байланысын өз қиялында жүргізетін шебер журналистік қолындағы дерек екендігі айта кеткен жөн. Бұдан «Келер дәуірдің журанлистері жай ғана жазуға қабілеттіліктің болуы жеткілікті емес, олар өздерінің жұмысын жеңілдету үшін деректерді көшіру, статистикалық бағдарламалықты қамтамасыз етуді пайдалана білу, әлеуметтік жаңалықтар ағымын талдауға, веб-сайттар стратегиясын және техникалық мүмкіндіктерді меңгеру дағдыларын қалыптастыра білуі тиіс» [3-230]. Өмір шежірелерін жасайтын публицистика жанрлары арқылы баспасөз, радио, теледидар, кино сияқты түрлі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүзеге асады. Осылайша журналистика маңызды қоғамдық-саяси рөл атқарып, жұртшылыққа әлеуметтік белсенділік туғызып, шындықты ашып береді. Журналистік ерекше қызмет – халықтың көзі, қолы. Дер кезінде жауап беріп, әлеуметтік дамудың түрлі жолдарын қарастырып, жария жасауы қажетті. Журналист өз кәсібін бұл салада қоғамдық-саяси қызмет жасаудың өнерін игереді, әлеуметтік жағдаяттарға араласады [4-1].

Академик Ғ. Есімнің: «...біздің өмір сүріп жатқан қоғамымыздың мазмұнын анықтайтын фактор – ақпарат. Оны біз ақпараттық қоғам деп жүрміз. Бүкіл әлем бір сәтте үйіңізге сыйып кетеді. Интернет, электрондық пошта жүйесі, жетілген коммуникация әлемді тұтастырып барады. Бұрынғыдай әр елдің «сырын» сақтауы мүмкін емес. Ел ішіндегі оқиға күні ертең әлем тілдеріндегі басылым беттерінде жария етілмек. Мұның бәрі қазақстандықтардың ой-өрісіне, сезім-санасына, мінезіне, тұрмысына сапалы өзгерістер енгізуде» – деген пікірі интернеттің зор мүмкіндігін паш етеді [5-2].

Қоғамдық хабар тарату концепциясы 3 түрлі қағидатқа негізделеді. Олардың біріншісі, қоғамдық хабар тарату қызметінің тәуелсіз плюралистік әкімшілік кеңесі сияқты құрылымдардың тәуелсіздікті кепіл етуі саналады [6-25]. Келесіден, қоғамдық хабар тарату тұрғындардың мүддесі мен қажеттіліктерін қанағаттанарлық кепілдендірілген қаржыландыру көздерінің болуы, соңғысы, қоғамдық хабар тарату қызметтері қоғамның алдында, әсіресе, қоғамдық

қорларды жүзеге асыруда алдағы міндеттерін орындауда есепті саналады [7-45].

Демек, насихаттаудың рухани ұндылықтары журналистер үшін кәсіби жетілуге негіз болады.

Адам мен тіл, адам мен дүние (материалдық), адам мен ғарыш, адам мен ғалам, мәдениет пен өркениет, ондағы адам орны сияқты жалпы адамзаттық мәңгілік мәселелердің қай-қайсысы болмасын тілді айналып өтпейтіні белгілі. Ақпараттық технология үстемдік етіп, жаһандану үрдісі кең қанат жайған қазіргі заман тілді адам табиғатымен, этнос, ұлт, халық сияқты тілдік қауымдастықтың тарихи-мәдени, саяси-әлеуметтік өмірімен бір-тұтастықта қарастыруды талап етеді. Осымен байланысты тілдік бірліктер мәні адам санасында қандай дәрежеде бейнеленетіндігі таным тереңдігіне қатысты болатындығынан шығады. Сондықтан зерттеудің мәні адамның, тілдік тұлғаның өзін қоршаған тылсым дүниені тану әрекетімен тікелей байланысты. Ал адамның осындай күрделі когнитивті әрекетін тіл мен ойлаудың арақатынасын зерттеу арқылы ғана тануға болады. Концепт ретінде, әдетте, қоғамда тіршілік кешіп отырған адамның әлем туралы мәдени-ұлттық дүниетанымын білдіретін тілдік бірліктер танылады. Соның нәтижесінде тіл мен адам санасы арасындағы қатынас осы концепт арқылы іске асырылады. Демек, бұл жерден шығатын қорытынды: концепт – индивидуалды тұлғаның тілдік санасының бірлігі, ал сана – мәдениет пен руханияттың айнасы. Сырттан алынған ақпарат адам санасына келіп жетеді, одан өңделеді, реттеледі, жүйеге түседі және сақталады. Сана екі адамның өзара қарым-қатынасқа түскен жағдайда ақпаратты беру үшін тілдік құралдарды таңдауды көрсетеді. Сөздің өзіндік қасиеттерінің өзгеріссіз семантикалық тірегі концепт – сөзде жасырын таңбаланған белгілі бір ұлтқа тән сананың өзіне ғана лайық бір бөлшегі. Ақын Б. Бедельханның: «Рух жыры» поэмасының «Тиек» деп аталатын бөлімінде: «Тылсым әуеннен сикырлы үн шығарып, үілдеген үннен саз құраған ұлы даланың ұлағаты сол – менің өр рухыма дем беріп тұрды».

Ана тілім – Сақа тілім еді!

Тәңірімен де тең сөйлесетін!..

Ана тілім – мейір тұнған тұма тілім еді,

даламның тасын да тебірентіп, тербететін! Бұл жердегі сөз тіркестеріне құрылған концептінің скрит формасы ана тілі – Сақа тіл, Тәңір тілі, Мейір тұнға тіл, Тұма тіл, Тасын тербейтін тіл деп ойсурет арқылы «Рухты» – қазаки рухты бейнелейді. Фрейм – концептілік құрылым элементін танытатын қарапайым форма. Ол концептінің ең жақын семаларынан құралады және ассоциативті, стереотиптік таңбалар арқылы көрініс табады. Концепт типтері санада бейнеленуіне қарай әр түрлі формада көрініс алады. Ол қарапайым форма, яғни фрейм, күрделі форма (скрит), оқиғалы форма (сценарий). Сөз тіркестеріне құрылған концептінің скрит формасы ақындар суреттеуінде сценарий, сызбалы форма, ойсурет арқылы жүзеге асып отырады. Адам санасында қалыптасқан бұл формалар концептілік бейнеленуі кезінде, құрылым элементтерін ақпараттарды өңдеу кезінде жүзеге асырылады. Сөздің семантикалық, ассоциациялық өрісі концепт мазмұнын айқындайды. Семантикалық өрісте ең мәнді белгілер анықталады. Ал ассоциациялық өрісте қосымша лингвокогнитивті, лингво-мәдениеттанымдық білім жүйесі ашылады. Осыдан концепт беретін ақпарат прагматикалық танымдық мақсат, аялық біліммен толықтырылады. Бірақ кез келген атау концепт бола алмайды. Шындық өмірдегі белгілі бір мәдениет үшін қажетті атау концепт дәрежесі болады. Семантикалық мазмұнды ашатын тиісті объектіге қатысты мәтіннің концептуалды мәнге иеленген мазмұн және ақпаратты ашатын тірек сөздер болады. Лингвистикалық талдаудың негізі мақсаты концептуалды мәнді анықтау болса, ол екі түрлі әдіс-тәсілі 1) шығарма мазмұнынан – концептуалды мәнге, 2) тілдік құралдар арқылы – концептуалды мәнге талдау жасау. Бұл ақындар қолданысында үзілмей жалғасын тауып отырады және поэтикалық образ жасауда жүзеге асады. Кей жағдайда лексикалық бірліктер вербалды түрде берілгенімен, мәтіннің мағыналық өрілімдері жасырын импликация ретінде

қолданылады. Шығарма аясында не тұтас бір шығарма, не бір шығарма тіліндегі бір шумақта, не бір тармақта концепті өрісіне қатысты объектіге айналады. Вербалды (тілдік) амалдар болып табылады. Бейвербалды (тілдік емес) амалдар болып танылады. Бейвербалды деген сөз – адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасын, субъектінің түрлеріне көңіл-күй, мінез-құлқын айтады. Журналист-қаламгер Қали Сарсенбайдың «Шер Шындық» атты шығармаларында ұсынылатын, айталық: «Оның әділдік үшін шырылдап шындықты айтатыны арыстандай ақырып теңдік сұрауында. Ақиқатты аялайтындар үшін ол әлі де биігіненде, солай бола да береді... Арлан біреу, қасқыр көп, дегендей, ақпараттың арланы, ұлт баспасының бірнеше буынына ұстаз болған Шерағаның мектебінен әлі де оқып үйренеріміз көп. Ол біз үшін үздік эталон», болатын ойды жетектей түседі.

Коммуникациялық маңызды элемент бейвербалды құралдармен уәжделген тілдік бірліктер әлеуметтік лингвистикалық ақпараттарды береді. Енді осы когнитивтік тұрғыда талданып жатқан тілдік бірліктерді саралай қарасақ, бірі метафораларды нысан етіп алса, енді біреулері шығармалардағы кейіпкер тілін, тілдік тұлғаларды, келесілері мақал-мәтелдерді, терминтану бірліктерін, т.с.с. қарастырған. Ал синтаксистік бірліктер, яғни сөз тіркесі, сөйлем, оның түрлері, сөйлем мүшелерінің танымдық негізі қазақ тіл білімінде әлі сөз бола қоймаған. Сондықтан жұмыста сөз тіркесі, оның ішінде басыңқы сыңарлы сөз тіркестерінің танымдық табиғаты алғаш рет зерттелгелі отыр. Когнитивтік тіл білімінде бүкіл әлем бейнесінің адам санасында бейнелену мәселесі маңызды орынға ие. Тілдің қоғаммен, ойлаумен, мәдениетпен, таныммен, адам болмысымен байланысы қазақ тіл білімінде тілдің пайда болуын, тіл дамуының ішкі заңдылықтарын, тілдің құрылымдық-жүйелік ерекшеліктерін, сөзжасамдық қабілетін, ұғымдық аясын т.б. анықтауға арналған зерттеулерде XX ғасырдың басында-ақ пайда бола бастады. Мәселен, қазақ грамматикасының негізін салушы А. Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» атты еңбегінде тіл мен адамның біртұтастығы

жайлы ойын айта отырып, «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры» деген тұжырымға келеді. Тілдің болмысы мен табиғатын толыққанды тану үшін сол тілді жасайтын адаммен бірлікте қарау керек. Осы талап тіл білімінде антропоцентристік бағытты дүниеге әкелді. Осы антропоцентристік бағыт аясында қарастырылатын ғылым салаларының бірі – когнитивтік лингвистика. Когнитивтік лингвистика тіл ғылымының теориялық саласы ретінде XIX ғасырдан бері қалыптаса бастады. Дыбыстық тілде толып жатқан ортақ сипаттардың, универсалды құбылыстардың барлығы алуан тілдердің фактілерін бір-біріне салыстыра қарау нәтижесінде айқындалады. Оның айқындалуы адам баласының тілінде болатын ортақ заңдылықтарды, универсал құбылыстарды зерттейтін, соның негізінде жалпы тілдік теориялық тұжырымдар жасайтын жалпы тіл білімін дүниеге келтірді.

Когнитивтік лингвистика – тіл мен танымның, тіл ғылымының жалпы тілдік теориясы. Когнитивтік лингвистиканың нысаны – тіл мен танымның бірлестігі, адамдардың дыбыстық тілі. Когнитивтік лингвистика ғылымы тілдің танымдық қасиетін, тілдің құрамын, функциялық сипаттарын, даму заңдылықтарын, сыртқы дүниемен, қоғаммен, ой-санамен, мәдениетпен қарым-қатынасын түгел алып, жан-жақты зерттейді. Когнитивтік лингвистика дүние жүзіндегі тілдердің барлығына немесе басым көпшілігіне тән универсалды (жалпы) мәселелерді қарастырады. Сонымен бірге тіл білімінде жалпы тілдік теорияның қалыптасу тарихы, әр түрлі тілдік кезеңдерде, бағыттарда қалай шешілгені де қоса зерделеніп отырылады.

Жалпы тұрғыдан саралай келгенде, когнитивтік лингвистика XX ғасырдың алғашқы екі он жылдығында қалыптаса бастады дегенмен, оның көріністері, яғни тіл таңбаларының көмегімен ақпаратты өңдеу және оны өз қажетіне жарату ерекшеліктері XIX ғасырдағы тіл біліміндегі теориялық еңбектерден-ақ байқала бастаған болатын. Ф. Соссюр, В. Штейнталь, А. Сепир, Б. Уорф, Л. Вайсбергер зерттеулерінде көрініс тапқан «әр халықтың танымдық ерекшелігі оның тілінің табиғатынан туындайтындығы», «тіл тарихылығы мен мәдениет тарихы

жапсарлас дамитындығы», «адам баласының образды ойлауы, дүниені тануы тіл құрылысымен тығыз байланысып жататыны» туралы ой-пікірлер мен Ф.И. Буслаев, А.Н. Афанасьев, А.А. Потебня, Р. Якобсон сияқты орыс ғалымдарының тілдің конструктивтік рөлі және оның халықтық мәдениетті, халықтық психологияны, халықтың мифологиялық таным-түсініктерін қалыптастыру ықпалына арналған фундаментальді зерттеулері антрополингвистикалық ізденістердің ғылыми іргетасы етілуде [8-10].

Когнитивті терминдер сөздігінде танымдық тіл ғылымына адамзат тілін жалпы хабарды ұсынуға, оны бір күйден екінші күйге ауыстыруға мүмкіндік беретін таңбалар жүйесі, таным миханизмі әрі құралы ретінде қарастыратын лингвистика саласы деген анықтама берілген [9-53]. Бүгінгі күні бұл лингвистикалық бағыттың өзіндік ұғым-бірліктері, ұстанымдары, ғылыми-теориялық негіздері қалыптасып дамып отыр. Алғашында «когнитивті» деген терминнің өзі нақтыланбаған, ұғымдық бірліктері жүйеленбеген мәселе ретінде қабылданып келді, сондықтан когнитивті лингвистикаға қатысты пікірлер мен көзқарастар да біркелкі болған жоқ. Кейбір зерттеушілер танымдық аспектілердің тіл білімін жаңа деректермен толықтырғанын мойындағанмен, бұл бағыттың лингвистикаға соны үрдістер мен әдістер жүйесін әкелмегенін әрі когнитивті лингвистиканың орнықтап қалғанын, ең алдымен, когнитивті емес лингвистиканың жоғымен түсіндіруге болатындығын ескертеді. Алайда, екінші топ ғалымдары құрылымдық тіл білімін танымдық лингвистикаға қарсы қоя отырып, когнитивті бағытта XX ғасырдың аяғында дүниеге келген «көтеріліс», «бетбұрыс» деп түсіндіреді. Нәтижесінде тілшілер когнитивті лингвистиканы пәнаралық байланыстың көрсеткіші, тілдік ілімдер тоғысы деп бағалайды.

Когнитивтік лингвистика – Еуропада кеңінен дамыған лингвистика саласы. 1970 жылдардың екінші жартысында осы бағытты зерттеушілер саны күрт өсті деуге болады. Когнитивті лингвистиканың негізгі орталығы Калифорниядағы «Беркли Сан Диего», Нью-Йорктағы Буфалло университеттері болып табылады. Ал еуропа елдерінің ішінен осы

бағыттың дамып келе жатқан жерлері Голландия мен Германия болды.

Когнитивтік лингвистиканың негізгі көрінісі ғылым шеңберінде зерттелуі немесе тіл туралы пәндерде қарастырылуы емес, онда кез келген затты тілдік тұрғыда зерделегенде, методологиялық өзгерістер, танымдық белгілердің болуында еді. Яғни осы ғылым саласының пайда болуы жалпы методологиялық жақтан дамудың бір көрінісі еді. Тіл білімінде танымдық бағыттың негізі Н. Хомскийдің, Дж. Миллердің, Ф. Джонсон-Лардтің, Дж. Лакофтың, Р. Шенктің, У. Чейфтің, М. Джонсонның, Т.А. Ван Дейктің т. б. зерттеулеріне сүйене дүниеге келді. 1950 жылдардың соңында айналадағы заттар болсын, кез келген дүниеге «үстіртін қарау» тиылып, енді жан-жақты, саналы түрде зерттеу өріс ала бастады. Сөйтіп, ғылымдағы бағыт бір қадам алға жылжи түсті. Осы іргелі алға жылжулар Н. Хомскийдің «Тереңдетілген құрылымдар» еңбегі, лингвистикалық семантиканың қауырт дамуы, мәтін теориясындағы лингвистикалық прагматиканың пайда болуы, сонымен бірге шынайы дискурсты тілдік бірліктердің заңдылықтары негізінде көрінді. Осы барлық зерттеулер бастауының негізгі мақсатына тіл фактілерінің түсіндірілуі, адамның тілдік қабілетінің терең заңдылықтарының ашылуы, т. б. кірді. Мысалы, тілдік прагматика әлеуметтік контексте адам әрекеті ұстанымдарының фактілерін қарастырса, когнитивтік лингвистика адам санасындағы фрейм, когнитивтік идеалды үлгілер, ментальды кеңістік, адам күшінің динамикасы, т. б. түрлі үрдістер мен когнитивтік құрылымдарды танытуға тырысады.

1970 жылдардың басында американ лингвисті У. Чейфтің бірнеше еңбегі жарияланды. Мұнда ол ағылшын тіліндегі интонация мен сөздер тәртібі заңдылықтарын зерделей отырып, оларды адам санасындағы ақпараттардың белсенді үрдісін адам жадындағы ерекше құрылымдармен байланыстыра зерттеді. Басқаша айтқанда, адам өмірінде болып жатқан не болмаса өтіп кеткен оқиғаға қатысты жеткен ақпараттардың ми қыртысында сақталып, олар грамматикалық категориялардың көмегі негізінде жарыққа шығатындығын жазды.

Ол: «Терең ойдан шыққан ақпарат бір-бірімен ұштасып жатады. Терең ой деп отырғанымыз – адамның жай ғана қабылдаған ақпараты емес, түсініп ұғып, терең түрде ақпаратты ми қыртысына жеткізуі. Адам қабылдаған ақпараттарының орнына жаңа ақпарат қабылдап отырады. Бірақ басқа ақпарат келгенде, бұрынғы ақпараттар шығып кетпейді. Олар мида сақталады. Керек кезінде адам басқа адамдармен қарым-қатынас жасай отырып, сөйлесу арқылы оқиғаны еске түсіре алады. Өте күрделі ақпарат адам миында жылдар бойы сақталып қалады. Алайда жай қабылдаған (мелкий) ақпарат пен терең ойлы (глубокий) ақпарат арасындағы шекара әлсіз болады», – деп өз ойын тұжырымдайды [10-26]. Осыған орай ғалым өз еңбегінде бір сәттік, қысқа мерзімді және ұзақ уақытты жады деп, жадының үш түрлі сипатына анықтама береді. Сөйтіп, У. Чейф бағдарламасы *жады қызметін ұйымдастыру теориясы* деп аталып, жадының түрлері мен ерекшеліктерін белгілі бір жағдайларға қатысты зерттеуге бағытталды. Сондай-ақ когнитивтік ғылым, оның басты ерекшеліктері мен бағыттарына алғаш назар аударғандар қатарына Дж. Миллер жатады. Дж. Миллер өз нысанын когнитивтік бағытта зерттей отырып, когнитивтік ғылымның жиырмасыншы ғасырдың орта шенінде туындаған ақпараттар теориясының жиынтығы екендігін айтады [11-39]. Р. Шенк пен оның шәкірттері адамның ойлау әрекеттерін сұрыптайтын кешенді теория мен концептуальды байланыстар теориясын сабақтастыра келе, концептуальды хабарларды өңдеу мәселелерімен шұғылданды. Р. Шенк барлық білім атаулыны тек лингвистикалық терминдермен түсіндіруге болмайды дей отырып, концептуальды байланыстар тілін ойлап шығарды, оның негізіне Р–Trans – физикалық ауысу және М–Trans – интеллектуальды ауысу деп аталатын

ауысудың екі түрі жатты. Тіл мен танымның арақатысын толық қабылдай қоймаған бұл ілімнің нақты танымдық үлгілерді құрастыруда, түсіну процесіндегі танымдық күтудің маңызын сипаттауда өзіндік жетістіктері де болды. Ресейлік зерттеулердің бастамасын 1985 жылы В.И. Герасимов ұсынған шолу, 1988 жылы баспадан жарық көрген, тілдің когнитивті аспектілеріне арналған «Шетел тіл біліміндегі жаңалық» атты жинақтың XXIII томы құрды. 1995 жылы жазылған орыс тіліндегі аудармалардың топтамасы да «Тіл және интеллект» деп атала отырып, тілралық ғылыми байланыстың дамуына ерекше үлес қосқан еңбектердің қатарына В.А. Маслованың «Мәдениеттаным», Ю.С. Степановтың 1997 жылы шыққан «Константтар: орыс мәдениетінің сөздігі» атты зерттеулерін ерекше атап өтуге болады. «Бұл – орыс мәдениетінің құндылықтарын жинақтаған алғашқы еңбек, «концепт», «констант» ұғымдарының да мәдени негіздерін талдауға бағытталған аса қажет зерттеулер қатарын құрады. Мұнда «Шындық», «Заң», «Махаббат», «Сөз», «Жан», «Ғылым»... константтарының сипаттамасы нақтыланып берілді», – дей келе, автор маңызды лексикографиялық жұмыстарға 1996 жылы Е.С. Кубрякованың редакторлығымен жарық көрген «Когнитивті терминдердің қысқаша сөздігін» жатқызады [12]. Адамзат болмысының универсалды сипатын айқындау тіл мен танымның да жалпыға ортақ өзгеше мүмкіндіктерін сұрыптауға көмектесті. Барша адам баласына тән биоанатомиялық негіз оның ми мен жүйке, сана мен жады құрылыстарының жұмыс істеу принциптерін айқындауға, адамзат атаулының ерекше қабілеттерін жүйелі зерттеуге әрі табиғи болмыс бітімнің әлеуметтік мәдени ұстанымдар негізінде даму, өзгеру, толығу бағыттарын талдап көрсетуге себепкер болар маңызды факторлардың бірі ретінде қарастырылды.

Список литературы

1. «Мәңгілік Ел» қайраткері С. Елубаев Шығармашылық кезесу. Алматы, 2017. 29 наурыз.
2. *Абай*. Екі томдық шығармалар жинағы. Аудармалар мен қара сөздер. Алматы, 1986. 199 б.
3. *Джанет Джонес, Ли Салтер*. Сандық журанлистика. Алматы, 2014. 266 с.
4. *Шындалиева М.* Журналистика жанрларының пішіндері мен функциясы: Оқулық. Астана: ЕҰУ АББ, 2012. 248 б.

5. *Кайрат Омирбайұлы Сак*. Еркін сөз елдік мүддеге қызмет етуі керек. Мақала, 2011 жыл. URL: www.el.kz (дата обращения: 24.01.2019).
6. *Армангүл Нұрланқызы*. Ақпараттық қоғам және интернет. Мақала, 2016 жыл. URL: www.el.kz (дата обращения: 24.01.2019).
7. *Сұлтанбаева Гүлмира Серікбайқызы*. Журналистика менеджменті және маркетингі Қазақстан Республикасы. Алматы, 2011.
8. *Якобсон Р.* Избранные работы по лингвистике. Берлин: БГК им. И.А. Бодуэн де Куртенэ, 1998. 440 с.
9. Когнитивті терминдер сөздігі. Алматы: Ғылым, 1997.
10. *Чейф У.Л.* Значение и структура языка. М.: Прогресс, 1975. 432 с.
11. *Miller G.* Images and models, similies and metaphors // *Metaphor and Thought* / ed. by A. Ortony. Cambridge, Cambridge University Press, 1979.
12. *Кубрякова Е.С., Демьянков В.З., Панкрац Ю.Г., Лузина Л.Г.* Краткий словарь когнитивных терминов / под общ. ред. Е.С. Кубряковой. М.: Филол. ф-т МГУ им. М.В. Ломоносова, 1997. 245 с.

References

1. «*Ma'n'gilik El*» *qai'ratkeri S. Ely'baev S'yg'armas'ylyq kezesy'* ["Eternal Country". Meet-The-Artist Session with Famous Writer S. Elubayev]. Almaty, 2017, 29 Mar. (In Kazakh).
2. Abai. *Eki tomdyq s'yg'armalar ji'nag'y. Ay'darmalar men qara so'zder* [Essays Collection: in 2 vols. Translation and Black Words]. Almaty, 1986, 199 p. (In Kazakh).
3. Dzhanet Dzhanes, Li Salter. *Sandyq jy'ranli'sti'ka* [Digital Journalism]. Almaty, 2014, 266 p. (In Kazakh).
4. Shyndaliyeva M. *Jy'rnali'sti'ka janrlarynyn' pis'inderi men fy'nktsi'yasy: Oqy'lyq* [Forms and Functions of Genre in Journalism]. Astana, L.N. Gumilyov Eurasian National University Publ., 2012, 248 p. (In Kazakh).
5. Kayrat Omirbayuly Sak. *Erkin so'z eldik mu'ddege qyzmet ety'i kerek. Maqala, 2011 jyl* [Free word must serve the country's interests. Article, 2011]. (In Kazakh). Available at: www.el.kz (accessed 24.01.2019).
6. Armangul Nurlankyzy. *Aqparattyq qog'am ja'ne i'nternet. Maqala, 2016 jyl* [Information society and Internet. Article, 2016]. (In Kazakh). Available at: www.el.kz (accessed 24.01.2019).
7. Sultanbayeva G.S. *Jy'rnali'sti'ka menedjmenti ja'ne marketi'ngi Qazaqstan Respy'bli'kasy* [Management and Marketing of Journalism in the Republic of Kazakhstan]. Almaty, 2011. (In Kazakh).
8. Jakobson R. *Izbrannyye raboty po lingvistike* [Selected Works on Linguistics]. Berlin: Jan Baudouin de Courtenay BGK Publ., 1998, 440 p. (In Russian).
9. *Kogni'ti'viti termi'nder so'zdigi* [Dictionary of Cognitive Terms]. Almaty, Nauka Publ., 1997. (In Kazakh).
10. Cheyf U.L. *Znachenije i struktura yazyka* [Meaning and Structure of the Language]. Moscow, Progress Publ., 1975, 432 p. (In Russian).
11. Miller G. Images and models, similies and metaphors. In: Ortony A. (ed.). *Metaphor and Thought*. Cambridge, Cambridge University Press, 1979. (In Russian).
12. Kubryakova E.S., Demyankov V.Z., Pankrats Y.G., Luzina L.G. *Kratkiy slovar' kognitivnykh terminov* [Abridged Dictionary of Cognitive Terms]. Moscow, Philological Institute of Lomonosov Moscow State University Publ., 1997, 245 p. (In Russian).

Информация об авторе

Тулекова Гульжан Хажмуратовна, кандидат филологических наук, доцент кафедры журналистики и переводческого дела. Университет «Туран», г. Алматы, Республика Казахстан. E-mail: gulzhan-saken@mail.ru

Вклад в статью: общая концепция статьи, анализ научной и художественной литературы, написание статьи.

Поступила в редакцию 16.03.2019 г.
Поступила после рецензирования 21.04.2019 г.
Повторное рецензирование 08.05.2019 г.
Принята к публикации 20.05.2019 г.

Information about the author

Gulzhan Q. Tulekova, Candidate of Philology, Associate Professor of Journalism and Translation Studies. Turan University, Almaty, Republic of Kazakhstan. E-mail: gulzhan-saken@mail.ru

Contribution: main study conception, scientific and imaginative literature analysis, manuscript drafting.

Received 16 March 2019
Reviewed 21 April 2019
Second peer review round 8 May 2019
Accepted for press 20 May 2019